

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**



**«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ӨРКЕНИЕТТІК КЕҢІСТІГІ: ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ
ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» атты
XX ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
(Астана қ., 06 қазан 2023 ж.)**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТЫ

Құрметті әріптестер!

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Тарихшылардың ұлттық конгресі Сізді 2023 жылғы 06 қазанда өтетін **«Орталық Азияның өркениеттік кеңістігі: тарихи сабақтастық және құндылықтар»** атты XX халықаралық Еуразия ғылыми форумы жұмысына қатысуға шақырады.

Форум жұмысы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2023 жылғы 01 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын және «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші **Ұлттық құрылтай** ұстанымын жүзеге асыруға бағытталған.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті іргесінде 2013 жылы қайта ашылған Тарих факультетінің 10 жылдығына орайластырылып отыр.

Форум мақсаты – Орталық Азия халықтары тарихының сабақтастығын қарастырып, ғылыми ұстанымдарын талдау, мәдени құндылықтарын зерделеу және тәжірибе алмасу

XX халықаралық Еуразия ғылыми форумы төмендегідей бағыттар бойынша жұмыс жасайды:

- Орталық Азияның тарих ғылымы: жаңа ұстанымдар мен дереккөздер;
- Дала ойшылдары: ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін;
- Жошы Ұлысы тарихының мәселелері: тарихи жады және мәдени мұрагерлік;
- «Қазақстан тарихы»: көп томдық жаңа академиялық басылым;
- Шетел тарихшыларының еңбектеріндегі қазақ тарихы.

Форумның тілі: қазақ, орыс, ағылшын.

Баяндаманы XX халықаралық Еуразия ғылыми форумның бағдарламасы мен жинағына енгізу үшін **2023 жылғы 25 қыркүйекке** дейін ұйымдастыру комитетінің электронды поштасына төмендегі тіркеу формасына салып, бірге жолдау керек.

Жинаққа ұсынылған мақалалар келесі талаптарға сай рәсімделуі қажет:

1. Тіркеу формасы мен баяндама мәтіні (Форум тақырыбына сай және 7 беттен артық емес көлемде) міндетті түрде MS Word текст редакторында теріліп, баяндамасы бар файл автордың фамилиясымен аталуы қажет.

2. Бет форматы: А4, шрифт: Times New Roman, кегль – 12, жоғары және төменгі шегі - 2 см, оң шегі – 1 см, сол шегі – 3 см, жоларалық интервал – бір, азат жол шегінісі: 1,25.
3. Баяндама атауы басында жазылады: БАС ӘРІППЕН (**ҚАЛЫҢ ШРИФТПЕН**) жолдың ортасында, баяндаманың жоғары жағында.
4. Баяндаманың атауының астында ортасына кіші әріппен (**қалың шрифтпен**) автордың аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда) жазылады.
5. Келесі жолда автордың жұмыс орны, лауазымы көрсетіледі.
6. Бір интервалдан соң баяндаманың мәтіні орналасады.
7. Әдебиеттер мен деректер тізімі баяндаманың соңында орналасады және мәтінде кездесу реті бойынша құрастырылады. Сілтемелер төртбұрышты жақшада нөмер түрінде тізім бойынша деректің бетін көрсетіп рәсімделеді [6, с. 2].

Ұйымдастыру комитетінің адресі:

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 11,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультеті, 312 кабинет.

E-mail: eurasian.forum.enu2023@mail.ru

Өткізу орны, уақыты және форматы:

Астана қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 2.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, № 206.

сағат 10:00, офлайн/онлайн.

Форум қатысушыларын тіркеу уақыты: 09:30-09:50.

Байланыс мәліметтері:

Ерменбаева Гульжан Какимбековна: +7 777 278 74 25

Ақпанбет Нұргүл Нурланқызы: +7 7054207878

**«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ӨРКЕНИЕТТІК КЕҢІСТІГІ: ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ
ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»**

атты XX халықаралық Еуразия ғылыми форумына тіркеу формасы

1	Тегі, аты, жөні (қазақ және орыс тілдерінде)	
2	Жұмыс орны, лауазымы (ұйымның атауы, адресі)	
3	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
4	Автордың адресі (индексті қоса)	
5	E-mail	
6	Телефон (кодпен бірге)	
7	Қазақ және орыс тілдерінде баяндама атауы	
8	Қазақ және орыс тілдерінде секция атауы	
9	Қажетті техникалық құралдар	
10	Қатысу форматы	